

Ақмол ауылының көшесінің атауын өзгерту туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы Ақмол ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 21 қазандағы № 5 шешімі. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 қарашада № 1-17-123 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес, 2009 жылдың 24 қыркүйектегі Ақмол ауылының тұрғындар жиналыстарының № 2 хаттамасын есепке ала отырып, Ақмол ауыл округінің әкімі

ШЕШТІ:

1. Ақмол ауылының Космонавтов көшесінің атауы Шайкен Исенов атындағы көшесіне өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Целиноград ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

мекемесінің бастығы:

мекемесінің бастығы:

Ақмол ауылдық
А.Мурзагельдиев

«Целиноград ауданының
мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімі» мемлекеттік

Ш.Өтегенова

«Целиноград ауданының
сәулет және қалақұрылыс
бөлімі» мемлекеттік

А.Сағымбаев